

№11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы



Бекітемін:

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасының

менгерушісі: *А.Еришова*

Үйірме жұмысы
«Мен суретші боламын»

№6 «Балдырған» ересек тобы

2020-2021 жылы

«Мен суретші боламын»

Үйірме жұмысының жылдық жоспары

Жылына 36 сағат

№	Тақырыбы	сағаты	күні	Мақсаты
1	«Балабақша ауласындағы ағаштар»	1		Сурет салғанда ағаштарға тән сипаттарды бере білуге баулу, қылқаламмен жуан, жіңішке сызықтарды салу және бояу дағдыларын нығайту, қиялын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
2	«Түрлі - түсті доптар»	1		Дөңгелек заттарды салуға үйрету. Түрлі бағыттағы түзу сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білу және нүктелер арқылы бейнелеу дағдыларын арттыру.
3	«Ойыншыққа арналған сөре»	1		Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттарды салу дағдыларын қалыптастыру
4	«Жіп шумақтары»	1		Дөңгелектердің суретін салуды үйрету, тоқыма өнері туралы түсінік беру.
5	«Бағдаршам»	1		түрлі-түсті бояудың көмегімен геометриялық фигураларды пайдаланып бағдаршамның суретін салу дағдыларын қалыптастыру. Ұқыптылыққа және қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.
6	"Күзгі жапырақтар"	2		Жапырақтар түсімен таныстыру. Бастыру әдісін қолдану. Күзгі жапырақтарға сипаттама беру. Түстерін ажырату.
7	«Жемістер»	2		Жемістерді бейнелей білу дағдыларын жетілдіру. Сурет салу техникаларының бастапқы дағдыларын меңгерту.
8	«Машина»	1		Геометриялық пішіндер(тік төртбұрыш, дөңгелектер) арқылы ойыншық машинаның суретін салуды үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
9	«Бақшадағы көкөністер»	2		көкөністер мен жемістер туралы білімдерін кеңейте отырып, мазмұнды сурет салуға, әртүрлі пішінді заттарды қылқаламмен бір сызықты үзбей салуға үйрету. Қылқаламмен жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру.
10	«Моншақтарды тіземіз»	1		Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, бояуларды ретімен қолданып, негізгі түстерді ажырата білуге үйрету.
11	Біздің үй (Көп қабатты үйлер)	1		Төртбұрыштар сызып, оларды бояу икемділігін қалыптастыру. Балалардың қиялдау, байқағыштық және әлемді бейнелі қабылдау сезімін дамыту. Құрылысшы еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.
12	«Әжемнің сырмағын»	1		балалардың сәндік-қолданбалы өнер мен қазақтың ұлттық бұйымдары

	әшекейлеймін» (. сәндік			туралы білімдерін жетілдіру. Сурет салуда ұлттық ою-өрнек элементтерін қолдану. Өз елінің тұрмысына деген құрмет пен мақтаньш сезіміне, үлкендерге көмек беруге тәрбиелеу.
13	«Қоянға көмектес	1		Ойлауы бойынша сурет салу. Саусақпен салу әдісін пайдалана отырып сәбіздің суретін салдырту. Дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын қалыптастыру.
14	Түрлі-түсті сакиналар	1		Сәндік қолданбалы өнерді дамыту. Домалақ пішінге ұқсас бейнелерді атау.
15	«Қоянға көмектес»	1		Ойлауы бойынша сурет салу. Саусақпен салу әдісін пайдалана отырып сәбіздің суретін салдырту. Дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын қалыптастыру.
16	«Зымыран» (Ойлауы бойынша)	1		Балаларға геометриялық пішіндерді үйлестіре сала отырып, түстерін сәйкестендіріп бояуға үйретуді жалғастыру
17	«Сәукеле» (акварель бояуымен) сәндік сурет	1		Қазақтың ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіте отырып, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу. Ұлттық ерекшеліктерін ажырата білу, іскерлік дағдыларды меңгерту, көркемдік талғамын қалыптастыру.
18	«Мен армандаған қала»	1		Сызықтар, нүктелер арқылы үйлерді әшекейлеуге үйрету. Ойлауы бойынша күн, бұлт т.б бейнелерімен сюжетті сурет салуын жетілдіру
19	Тақырыбы: «Торғай»	1		Сурет салу кезінде қылқаламды қолында еркін ұстау дағдыларын жетілдіру. Құстар туралы түсініктерін кенейту, құстардың үнін, қимыл -қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білу дағдыларын дамыту
20	«Қысқы шыршалар»	1		Сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, қарапайым табиғат құбылыстарын бейнелеуде дәстүрден тыс техникаларды қолдану (тіс пастасымен жұмыс).
21	«Қар жамылған ағаштар»	1		Шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыта отырып, қыс мезгіліндегі қар жамылған ағаштарды бейнелеу қабілеттерін анықтау. Түстерді ретімен пайдаланып күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра білу дағдыларын бекіту
22	"Аққала"	1		Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, бояуларды ретімен қолданып, ұқыптылыққа тәрбиелеу
23	«Автобус және жеңіл машина»	1		Автомобильдің пішіні мен құрылысын бере білу икемділіктерін қалыптастыру, автомобиль бөліктерімен оның бөлшектерінің суретін қарындашты басу арқылы салуды үйрету.
24	«Кілемшені әшекейлейік»	1		Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементтерімен әшекейлей білу дағдыларын қалыптастыру. Ою-өрнек туралы түсініктерін дамыту, кілемшені «Қой ізі» және «Ирексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету.
25	«Бауырсақ»	1		Ертегі кейіпкері Бауырсақты салуды үйрету. Дөңгелек пішіндерді салу икемдерін жетілдіру. Суретті ұсақ бөлшектермен толықтырып, кейіпкерлердің көңіл-күйін бере білуге үйрету.

26	«Күрек»	1		Көктемгі адам еңбектері туралы түсінік бере отырып, еңбек құралдарымен таныстыру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Нүктелерді қосу арқылы бейнелеу дағдыларын арттыру, түстерді үйлесімді қолдана білуге дағдыландыру.
27	«Ағаштар бүршік жарғанда»	1		Ағаш бұтақтарының, жапырақтары немесе гүлдері бар бұталардың (қызыл тал, мимоза, шырша, терек) суретін олардың өсіп тұрған түріне қарап салуды үйрету.
28	« Гүл"»	2		Жапырақтары, гүлдері бар бұталардың немесе өсіп тұрған кейбір дала және бақ гүлдерінің суреттерін қарап салуды үйрету.
29	«Достық мерекесі» (шарлар)	1		Халықтар достығы мерекесі туралы жайлы түсініктерін жетілдіру. Қылқаламды пайдаланып үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салу дағдыларын бекіту. Салынған суреттерді дәстүрден тыс әдістер арқылы бояуға үйрету.
30	«Отшашу»	1		Түрлі – түсті бояуларды пайдаланып, отшашудың оттарын салу дағдыларын бекіту. Ойлары мен қиялдарының дамуын анықтау
31	«Көбелектер»	2		Дәстүрден тыс әдіспен көбелектерді салуды үйрету. Салу, елестету қабілеттері мен бақылай білу дағдыларын бекіту
32	Өз бетінше сурет салу» (қайталау)			Сурет үшін тақырыпты дербес тандай білу және бастаған істі соңына жеткізе білу дағдыларын бекіту. Елестету қабілетін дамыту, сурет салуға қажетті заттардың аттарын білуді бекіту.